

Kundelik.kz жүйесінде динамикалық БЖБ және ТЖБ функционалдылығы іске асырылды.

Функционалдылық критериалды бағалау журналында тексеру жұмыстарының бағандарын қосуды / алып тастауды қамтиды.

Функционалдылық жұмыс істеу үшін журналда келесі ережелер сақталуы тиіс:

- сынып баптауларында журнал түрі - жиынтық бағалау журналы;
- сынып ағымдағы оқу жылында (2021-2022) оқиды;
- пән баптауларында қорытынды аттестаттаудың түрі - жиынтық бағалау.

Критериалды журналға өзгерістер енгізе алады:

- кестеде тағайындалған мұғалімдер;
- мектеп әкімшілері;
- «ҮТ және бағалар» блогына толық қолжетімділігі бар редакторлар.

Әрбір тексеру жұмысы үшін бөлек баған көрсетіледі.

Бағандарды қосу

БЖБ және ТЖБ бағандарын қосу үшін пән бойынша журналда «**БЖБ/ТЖБ қосу**» түймесін қолдану керек.

Бөлім бойынша жиынтық бағалау		1 тоқсан жиынтық бағалау	1 тоқсан бойынша бағаның есебі					Мұғалім қолмен толтырады
БЖБ ✗	БЖБ ✗	ТЖБ ✗	% (БЖБ + ФБ) ?	ТЖБ %	% жиынтығы	Ұсын. баға ?		
Макс. балл: 10	Макс. балл: 12	Макс. балл: 15						
8	11	12	42,0	40,0	82	4	ЕСП	
9	10	13	32,9	43,3	76	4	УА/А	
5	7	7	27,3	23,3	51	3	ЕСЖ	
7	8	6	34,1	20,0	54	3	5	
5	7	11	34,9	36,7	72	4	4	
10	12	12	39,0	40,0	79	4	3	
8	8	10	37,2	33,3	71	4	БОО	
9	7	8	32,4	26,7	59	3	А/Ө	
8	10	12	37,7	40,0	78	4	УА/А	
10	10	10	48,1	33,3	81	4	О/Ж	

Журналға қосуға болатын бөлім бойынша жиынтық жұмыстардың (БЖБ) ең көп саны - **3**. Әйтпесе, журнал келесі қатені көрсетеді:

Тоқсан бойынша журналға 3-тен көп жиынтық жұмысты (БЖБ) қосуға болмайды.

Журналға қосуға болатын тоқсан бойынша жиынтық жұмыстардың (ТЖБ) ең көп саны - **1**. Әйтпесе, журнал келесі қатені көрсетеді:

Тоқсан бойынша журналға, оқу кезеңінде 1-ден көп жиынтық жұмысты (ТЖБ) қосуға болмайды.


Егер пән бойынша 1 БЖБ ғана жүргізілсе, онда пән бойынша журналда БЖБ-ның бір ғана бағаны қосылады, егер пән бойынша БЖБ-ның көп саны жүргізілсе, онда журналда бағандардың тиісті саны көзделуі тиіс.

Бұл ереже тоқсан ішінде бағаланатын барлық пәндер үшін жарамды.

 *Тексеру жұмыстарын жүргізбестен бос бағандарды қосуға болмайды.*

Ескерту: кездейсоқ жағдайда БЖБ бағаны жойылса, жоғарыда жазылған әдіспен бағанды қосуға болады.

Бағандарды жою

БЖБ / ТЖБ бағандарын жою үшін пән бойынша журналда  батырмасын қолдану қажет.

Бөлім бойынша жиынтық бағалау			1 тоқсан бойынша бағаның есептелуі				Қойылған баға Мұғалім қолмен толтырады
БЖБ ×	БЖБ ×	ТЖБ ×	% (БЖБ + ФБ) ?	ТЖБ %	% жиынтығы	Ұсын. баға ?	
Макс. балл: 10	Макс. балл: 12	Макс. балл: 15					
8	11	12	42,0	40,0	82	4	ЕСП
9	10	13	32,9	43,3	76	4	УА/А
5	7	7	27,3	23,3	51	3	ЕСЖ
7	8	6	34,1	20,0	54	3	5
5	7	11	34,9	36,7	72	4	4
10	12	12	39,0	40,0	79	4	3
8	8	10	37,2	33,3	71	4	БӨС
9	7	8	32,4	26,7	59	3	А/Ө
8	10	12	37,7	40,0	78	4	УА/А
10	10	10	48,1	33,3	81	4	О/Ж

Егер балл кем дегенде бір оқушыға қойылса, бағандарды жою мүмкін болмайды. Біріншіден, барлық оқушылардың баллдарын қолмен жойып шығып, содан кейін ғана БЖБ / ТЖБ бағандарды жою мүмкіндігі пайда болады. Әйтпесе, журнал келесі қатені көрсетеді:

Оқушыларға балл қойылған жұмысты жою мүмкін емес.

Егер пән бойынша журналда 1 БЖБ және 1 ТЖБ бағандары бар болса, онда ТЖБ бағанын жою мүмкін емес. Ең алдымен, БЖБ бағанын алып тастау қажет. Әйтпесе, журнал келесі қатені көрсетеді:

Бөлім бойынша жиынтық жұмыс (БЖБ) болған жағдайда оқу кезеңіндегі жиынтық жұмысты (ТЖБ) жою мүмкін емес.

Жалпы ақпарат

Егер пән жартыжылдық шеңберінде бағаланса және қорытынды аттестаттау келесі түрде өткізілсе:

- **Есептелінді / Есептелінген жоқ (ЕСП/ЕСЖ)** - пәннің баптауларында Сынақ (жарты жыл) қорытынды аттестаттау түрін көрсету қажет;
- **бөлім бойынша жиынтық бағалау (БЖБ)** - 1 тоқсан бойынша журналдың бетінде ТЖБ бағанын алып тастау керек.

Егер пән тоқсан шеңберінде бағаланса және қорытынды аттестаттау **Есептелінді / Есептелінген жоқ (ЕСП/ЕСЖ)** түрінде өткізілсе, онда пәннің баптауларында Сынақ (тоқсан) қорытынды аттестаттау түрін көрсету қажет.

Пәннің баптаулары және пән бойынша қорытынды аттестаттаудың түрі туралы толық ақпарат келесі мақалада егжей-тегжейлі сипатталған: [Пәнді қалай құруға және қосуға болады? Пәнді қалай өңдеуге немесе жоюға болады?](#)